

FTAMP 14.35.17

Ж.Н. Кумисбекова (orcid 0000-0001-5428-6065)

Қазақ тілі және әдебиет магистрі
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан
e-mail: zhazi.silver@mail.ru

СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация. Мақалада студенттің өзіндік жұмысын тиімді ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы жан-жақты қарастырылған. Студенттің өзіндік жұмысы арқылы білімді бекітуге болады. Егер кез-келген пәннен өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар тиімді құралса, орындалу жолы ұтымды берілсе, нақты мақсат міндеттері берілсе, студенттің шығармашылық қабілеттерін арттыруға, логикалық, сыни ойлауын қалыптастыруға, ерік-жігерін, шығармашылығын жетілдіруге жол ашады. Сонымен қатар бұл мақалада студенттің өзіндік жұмысын орындау кезіндегі ұстанымдары, бағыт беруші оқытушылардың әрекеттері, студенттің өзіндік жұмысын тиімді ұйымдастырудың педагогикалық шарттары берілген. Сондай ақ студенттерге арналған сауалнама нәтижесі де толығырақ қарастырылған, яғни өзіндік пікірлері, ойлары, дұрыс құрылған тапсырма шығармашылыққа жетелейтіндігі туралы және білімі артып, сенімділігі қалыптасатындығы туралы да айтылған.

Тірек сөздер: өзіндік жұмыс, тапсырма, сыни ойлау, шығармашылық, дербестік, жеке тұлға.

Кіріспе. XXI ғасырдың негізгі бейнесі біліммен өлшенбек. Келер күніміз бүгінгіден гөрі жақсырақ болуы, жалпы адамзатты алға жетелейтін құдыретті күш тек білімде. Қай ел болмасын өсуі, өркендеуі, дамыған елдің қатарына қосылуы, өркениетті дүниеден өз орнын алуы ол елдің ұлттық білім алуының деңгейіне, даму бағытына байланысты.

Жоғары оқу орындарының нарықтық жағдайға өтуіндегі маңызды міндеттердің бірі – студенттердің шығармашылық белсенділігі, дербестігі, еркіндігі, өз ойын еркін жеткізе алуы, сыни ойлана алуы, сыни пікір айта алуы, дағдыларын қалыптастыру. Бұл белгілердің дұрыс қалыптасуы төмендегідей маңызды міндеттердің іске асуына мүмкіндік туғызады. Атап айтсақ, студенттер шығармашылық ептіліктерін игере отырып оқу үрдісінің жаңа формасына белсене қатыса алу, өз бетімен зияткер білім алуы, шығармашылық дағдысы, өзіндік дербестігінің қалыптасуы.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Қазіргі уақытта жоғары оқу орындарында оқу үрдісін оқу мен тәрбиенің бірлігі ретінде қарастыру, жанаша құру, студенттердің білім, білік, дағдысын арттыруда тиімді әдіс-тәсілдерді айқындар, осы бағытта жүргізілетін жұмыстарды шығармашылық бағытта құру өте тиімді.

Студенттің өзіндік жұмысымен білім бекітілмесе білім адамның рухани байлығына айнала алмайды. Сол себептен жоғары оқу орындарында сабақтардың кредитіне сәйкес студенттің өзіндік жұмыстарына да сағат бөлінеді, оған үлкен мән беріледі. Студенттің өзіндік жұмысының тәрбиелік жағы басым болып келеді. Себебі ол студенттің жеке басының қасиеттерінің яғни мақсат қоюы, ізденуі, қызығуын қалыптастырады. Студент өзіндік жұмыстың мақсаты мен мазмұнын, мәнін, қажеттілігін, маңызын саналы түрде барлық ынта жігерімен қызыға орындайды. Ол үшін оқытушы

студенттердің бастапқы білімі мен білігіне, іскерлігіне, берілген материалдың түсініктілігіне, жүйелілігіне, бірізділігіне, тақырыптың, пәннің мазмұнын аша алатындай дәрежеде берілуіне үлкен мән беруі қажет. Келесі кестеден студенттің өзіндік жұмысын орындау барысында саналылық, белсенділік, жүйелілік, бірізділік ұстанымдары қамтамасыз етілуін көруге болады.(1-кесте.)

Кесте 1

Студенттің өзіндік жұмысты орындау кезіндегі ұстанымдары

№ р/с	Сипаттама
1	Л.Выгодский бойынша білімнің күрделілігі дамудың жақын аймағына сәйкес болуы.
2	Пәннің логикалық жүйесі
3	Игеру деңгейіне қарай тапсырманың бірізді болуы
4	Тапсырманың көлемі студенттің оқу мүмкіндігіне сәйкес болуы
5	Тапсырма әрекет деңгейіне бейімделіп берілу керек

Студенттің өздігінен білім алуын көптеген ғалымдар зерттеген. Атап айтсақ М.Герунов, П.Пидкаситый, И.Лернер, В.Беспалько, С.Зиновьев т.б. алымдар қарастырған. Ғалымдардың зерттеуіне сүйенсек студенттің өзіндік жұмысы болашақ мамандардың ғылымға қызығушылығын, шығармашылық ойлауын, сыни ойлауын, таным үрдісін, кәсіби қарым-қатынасын, іс-әрекетін, өз бетімен ілім алуға дайындаудың жолы іспеттес. Студенттің өзіндік жұмысы оқу үрдісінің бір бөлігі, оқытудың тиімді әдісі, оқу-танымдық әрекеттің ұтымды тәсілі, тексеру формасы, мақсатты оқу әрекеті болып табылады.

Ал В.Андропкина мен Е.Гостева студентті өзіндік жұмысы, өздігінен білім алуы оқытушының қатысуынсыз өтетін процесс деп есептейді. Студенттің өзіндік жұмысы оқу процесінің бір бөлшегі, яғни оқытушы мен студенттің бірлескен іс-әрекеті. Студенттің өзіндік жұмысының негізі дәріс сабақта, семинар сабақтарында беріледі. Сол себептен студенттің өздігімен үйренетін жұмысы оқытушы тарапынан қадағалануы қажет. Студенттің өзіндік жұмысын басқаруда оқытушы төмендегідей әрекеттерді айқындап алған жөн.

1. Мақсаты мен міндетін айқындау
2. Білімі мен тәжірибесіне сүйену
3. Әрекетті ұйымдастыру
4. Жұмысты жоспарлау
5. Оқу-әдістемелік нұсқау дайындау
6. Тексеру, формасын анықтау

Студенттің өзіндік жұмысы оқу-тәрбие процесімен тығыз байланысты болғандықтан, оны екіге бөліп қарастыруға болады. Біріншісі дәрісханалық өзіндік жұмыс болса, екіншісі дәрісханадан тыс орындалатын өзіндік жұмыстар. Енді жеке ашып қарастырсақ. Бірінші дәрісханада орындалатын өзіндік жұмыстар дәрістік, тәжірибелік, зертханалық сабақтарға кіреді. Ал дәрісханадан тыс орындалатын өзіндік жұмыстар дәріс тақырыбын толықтыру, практикалық сабақтарға дайындалу, реферат, баяндама жазу, шығармашылық тапсырмаларды орындау, курстық жұмыс, дипломдық жұмыстарды жазу жатады.

Студенттің өзіндік жұмысы оқу-тәрбие процесінде барлық оқу бағдарламаларының басым бөлігін құрайды. Ол тек жеке пәндерді үйрену, меңгеру емес, оқу, тәрбие, ғылыми іскерлік, кәсіби іскерлік, жауапкершілікті сезіну, жеке, дербес, өз бетімен жұмыс істеуге үйрену. Талапқа сай тиімді ұйымдастырылған студенттің өзіндік жұмыс алған білім, білік, дағдысын тереңдетуге, толықтыруға, іскерлігін қалыптастыруға, танымдық әрекетін туғызуға, жаңа әдіс-тәсілдерді игеруге, қабілетінің дамуына, жеке жұмыс жасау мәдениетін көтеруге, ғылыммен айналысуға, ғылыми жұмыстарды жазуға жалпы шығармашылықпен жұмыс жасауға мүмкіндік туғызады.

Қазіргі білім беру жүйесінің негізі студенттердің өз бетінше дамуына жол ашады. Яғни кредиттік оқыту технологиясының негізі студенттердің өзін-өзі ұйымдастыра алуы, өздігінен білімін жетілдіру мүмкіндіктерін дамыту болып табылады. Осының негізінде болашақ маманның іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыра алуға және білімін, білігін дамыту мақсатын жүзеге асыру үшін оқытушы мен студент арасында оқытушының студентпен жұмысы, студенттің оқытушының басшылығымен жүргізілетін өз бетінше жұмысы, студенттің өіндік жұмыстары іске асырылады. Келесі кестеден оқытушының басшылығымен жүргізілетін студенттің өз бетінше жұмысында студенттің іс-әрекетін көруге болады. (2-кесте.)

Кесте 2

Оқытушының басшылығымен жүргізілетін жұмысында студенттің іс-әрекеті

№ р/с	Сипаттама
1	Оқу материалына талдау жүргізеді
2	Ғылыми ақпараттарды іздеу
3	Алынған ақпараттарды талдайды, сұраптайды
4	Жиналған мәліметтерді жүйелейді
5	Жаңа қарама-қайшылықты анықтайды
6	Жаңа мәселені көре алады
7	Туындаған мәселенің шешу жолын іздестіреді
8	Алынған мәліметтерді жинақтап қорғауға дайындалады

Студенттің өзіндік жұмысының мақсаты нақты, міндеттері тиімді, мазмұны оқу бағдарламаға сәйкес болуы қажет. Тапсырмаларды құрастырғанда студентті шабыттандыратындай құрылып, оны орындау барысында студенттердің мүмкіндігі мен жағдайларын ескеруіміз тиіс. Сонымен қатар алған теориялық білімге негізделіп құратырылып, студенттердің шығармашылық, танымдық қабілеттерін, сыни ойлауын арттыратындай болғаны абзал. Студенттің өзіндік жұмысын орындау кезде тек пән бойынша алынатын білім, білік, дағдыны ғана емес, қойылған мақсатқа жету, оспарлау, талдау жасау, кері байланыс, рефлексия, өз іс-әрекетіне өзі бақылау, бағдарлау жасай алатын зияткер, шығармашыл, сыни ойлай алатын тұлға қалыптастыру. Ал оқытушының басшылығымен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысы тқмендегідей қызметтер атқарады. Бірінші кеңесшілік қызмет, яғни студентке көмек беру, тиімді әдіс-тәсілді тағдауда, түсінбеген материалды қайта түсіндіруге жол ашу, кеңес беру, студентті зерттеушілік, шығармашылық, ізденушілік жұмыстарына жол көрсетеді. Екінші бақылаушылық қызмет, яғни студенттің орындаған

жұмыстарын тексеруге, студенттің жеке-дара ерекшелігін тануға, студенттің біліктілігін бақылауға мүмкіндік тударуға жол ашады.

Студенттің өзіндік жұмысын тиімді ұйымдастырудың педагогикалық шарттарын төмендегі кестеден көруге болады (3-кесте).


Кесте 3

Студенттің өзіндік жұмысын тиімді ұйымдастырудың педагогикалық шарттары

Педагогикалық шарттары	Мазмұны
Нақты пән бойынша аудиториялық және студенттің өзіндік жұмысының көлемі үйлесімділігі	сабақ кестесі дұрыс құрылуы, тапсырма студент мүмкіндігіне сай болуы, СРС көлемінің нақты болуы
Әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілуі	Оқу орнының материалдық-техникалық базасын ескеру қажет, әдебиет қорын дұрыс пайдалануға жол көрсету
Студенттің жеке ерекшелігін ескеру	Тапсырма студенттің қабілетіне, біліміне сәйкес келуі, берілетін тапсырма студентті шығармашылыққа, іскерлікке жетелеуі тиіс
Студенттің өзіндік жұмысын орындауда ұтымды әдіс-тәсілдерді таңдау	Алынған әдіс-тәсілдер студенттерді белсендіру қажет, берілген жұмыс толық, ұқыпты орындауға итермелеу қажет
Студенттің өзіндік жұмысы таңдаған мамандығының, өз-өзінің дамуына, қыр-сырын ашуына бағытталуы шарт	Болашақ мамандығымен сәйкестендіру, өз қабілетін ашылуына көз жеткізуі тиіс
Студенттің өзіндік жұмысы тапсырмалары студентті шығармашылыққа баулуы шарт	Эссе, ментальды карта, баяндама, кесте, сөзжұмбақ құрастыру, глоссарий жазу, презентация дайындау, ғылыми жоба т.с.с.
Студенттің өзіндік жұмысы тапсырмаларын орындағана АКТ-ды, дидактикалық құралдарды ұтымды қолдануы шарт	Ғаламтордан тың жаңалықтарды алу, электронды оқулықты пайдалану, әр түрлі оқу сайттарын, оқу платформаларын пайдалану, шағын бейне ролик жасау, ютуб каналын ашу.

Шығармашыл, шебер оқытушының басты құзыреттілігі студенттің өзіндік жұмысын тиімді ұйымдастыра алуында. Сонымен қатар ұтымды ұйымдастыру арқылы студенттердің оқу-танымдық әрекетті басқара алуы, таным мен ғылымның әдістерін игеріп, тәсілдерді тиімді қолдана алуына ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелері. Студенттің өзіндік жұмысының тиімді ұйымдастыру бойынша «Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» мамандығының 1-4 курс студенттерінен анкета алдым. Жалпы зерттеу жұмысыма қатысқан студенттерді келесі диаграммадан көруге болады. 1-сурет.



1 - сурет. Сауалнамаға қатысқан студенттердің пайыздық көрсеткіші

Студенттердің ой-пікірлерін білу барысында бірнеше сұрақтар берілді. Аталған сұрақтарға тоқтала отырып, нәтижелерімен бөліссек:

1. Студенттің өзіндік жұмысы дегеніміз не? деген сұраққа 72,2 пайызы яғни 143 студент студенттің өз бетінше жасайтын іс-әрекеті деп жауап берсе, 32,8 пайызы, яғни 65 студент студенттің шығармашылық ойлауын, ғылымға деген қызығушылығын туғызатын оқыту әдісі десе, 21,2 пайыз, яғни 42 студент оқу үрдісінің бөлігі деп көрсеткен. Ал 9,6 пайызы, 19 студент ұйымдастыру жұмысы, 5,6 пайызы, 11 студент тексеру формасы десе, 1,5 пайызы, яғни 3 студент қажет емес жұмыс десе, 0,5 пайызы, яғни 1 студент уақытты босқа өткізу деген жауаптар берген.

2. Студенттің өзіндік жұмысын өзіңіз орындайсыз ба? деген сұраққа 91,9 пайызы, яғни 182 студент «Ия» деп айтса, 18,2 пайызы, яғни 36 студент шынайы орындауға тырысса, 7,1 пайызы, яғни 14 студент интернеттен алатыны көрсетсе, 5,1 пайызы яғни 10 студент орындау барысында қиындық тудыратынның алға тартқан.

3. Студенттің өзіндік жұмысындағы тапсырмалардың құрылуы дұрыс па? деген сұраққа 94,9 пайыз студент «Ия, өте түсінікті құрылған» - деген жаапты таңдаған.

4. Студенттің өзіндік жұмысын басқаруда оқытушының әрекеті қандай болу керек? деген сауалға 73,2 пайыз яғни 145 студент жұмыстың мақсаты мен міндетін айқындау десе, 24,2 пайызы, яғни 48 студент оқу-әдістемелік нұсқау дайындау қажет екендігін алға тартқан. 22,2 пайызы, яғни 44 студент оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз ету қажет десе, 13,1 пайыз, яғни 26 студент өзіндік жұмысты тексеру формасын анықтау деген. Ал 2 пайызы яғни 4 студент оған кететін қақытын анықтау деп өз пікірлерін білдірген.

5. Студенттің өзіндік жұмысын құрастырғанда қандай формада болғанын қалар едіңіз? деген сауалға 55,6 пайызы, яғни 110 студент тақырыпқа қатысты слайд әзірлеу десе, 48 пайызы, яғни 95 студент эссе, 44,9 пайызы, яғни 89 студент глоссарийді, 33,8 пайызы, яғни 67 студент шығармашылық тапсырма түрінде болғанын қаласа, 18,7 пайызы 37 студент баяндама, 17,7 пайызы, яғни 35 студент танымдық ойын түрінде болса, 11,1 пайызы, яғни 22 студент кесте, жоспар құруды таңдаса, 9,1 пайызы, яғни 18 студент ғылыми жоба десе, 6,6 пайызы, яғни 13 студент ментальды картаны таңдаған.

6. Студенттің өзіндік жұмысын орындау СИЗГЕ не береді? деген сыни сауалға студенттер өте көп өз пікірлерін білдірген. Солардың біразына тоқтала кетсек:

- Студент ретінде ізденіске, жаңашылдыққа, білімді шыңдауға, әрі қарай тақырыпты терең түсінуге мүмкіндік береді;
- Жеке өз бетінше жұмыс істеуге үйренемін, өзінді жекешілікке үйрету, өз білімінді бағалау, бағдарлай алу;
- Өзіміздің ізденуімізге, ойлап талқылауға, есте сақтап қалуға жақсы мүмкіндік;
- Білімімді арттырады, өзіме деген сенімділікті оятады;
- Студенттің өзіндік жұмысын орныдау меген көп тәжіриб береді. Білімімді шыңдауға, шығармашылық ойымды дамытуға өз септігін тигізеді;
- Студенттің ой-өрісін дамытады;
- Шығармашылық ойлауға, сыни көзқарасты қалыптастырады;
- Жаңа мәліметтер бойынша талдау жасауға баулу;
- СӨЖ біздің алдымызға нақты мақсат қойып, сол істі тыңғылықты, жауапкершілікпен орындауға және білім, білік, қабілеттерімізді одан әрі шыңдауға, өз бетімізше біреудің көмегінсіз жұмыс жасауға үйретеді;
- Тақырып мақсатын, барысын айқын түсіну және өз бетімше жұмыс жасауға баулиды.

Жалпы сауалнама бойынша алынған 200-ге жуық студенттердің пікірі сан түрлі. Бірақ барлығының пікірлерінің түйінді сөздері: студенттің өзіндік жұмысы шығармашылыққа баулиды, сыни көзқарасты қалыптастырады, өз-өзін дамытуға жол ашады, жаңа мәліметтерді талдауға қызығушылықтарын арттырады, алған теориялық білімді қорытындылайды.

Ғылыми нәтижелерді талқылау. Студенттің өзіндік жұмысының басқа жұмыстан артықшылығы, ерекшелігі – студент өз алдына мақсат қоя алады, сол мақсатқа жету үшін берілген тапсырманы жүйелі, толық орындауға тырысады. Өзіндік жұмыс ең бастысы оқу жұмыс түрлерінің міндеттерін толықтырады, қорытындылайды. Студент өзіндік жұмысты тиімді орындай отыра мотивация тудыруға, нәтижеге жетуге мүдделі болады. Студенттің өзіндік жұмысындағы мотивация түрлері: бірінші сыртқы мотивация, яғни болашақ мамандығы бойынша көтерілуі, оқу орнына тәуелді. Себебі жоғары деңгейде білім алған студент керемет ұстаз болары анық. Екінші ішкі мотивация, яғни жауапкершілігінің болуы, ата-анасының, дос-жарандарының алдында сенімін жоғалтпау, өз қалаған мамандығының иесі болу. Келесі оқу мотивациясы, яғни оқу барысындағы орындалатын жұмыстардың қажеттілігін түсіну, кәсіби дайындық, ой-өрісін кеңейту, дамыту.

Қорытынды. Қорыта келе студенттің өзіндік жұмысы ақыл-ой әрекетінің дамуын, яғни қабылдауын, қайта жаңғыртуы мен білім, білік, дағдыны игеруін қамтамасыз етеді. Бұл жұмыс ғылыми жұмыстың, курстық жұмыстың, дипломдық жұмыстың бір бөлшегі ретінде болғаны абзал. Студент өзіндік жұмысты тиімді ұйымдастыра алса алдағы кездесетін белестерде еш қиындық туындамайды. Одан әрі алған білімді практикада қоладан алуы, студенттің ептілік, шығармашылық қабілеттерін дамытады. Нәтижесінде өзідігінен жұмыс жасау, өз бетінше білік, дағдысын қалыптастыратын, болашақ кәсіби әрекетіне ізденіс жасай алатын іскерлігі, сыни ойлауына анализ жасай алатын, өз әрекетін басқара алатын, өз нәтижесін көре алатын студенттің шығармашылық тұлғасы қалыптасары сөзсіз. Сонымен қатар студенттің өзіндік жұмысын тиімді ұйымдастыру студенттерге нағыз маман болып шығуына, кәсіби бағыттылықты қалыптастыруына жағдай туғызады.

Әдебиеттер тізімі

1. Бұзаубақова, К.Ж. Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру [Мәтін] / К.Ж. Бұзаубақова, С.Е. Шошабаева. –Тараз, 2013. – 125 б.
2. Мұратов, Ә.С. Студенттің өзіндік жұмысын ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқау [Мәтін] / Ә.С. Мұратов, М.Д. Қошанова, Ж.С. Еркишева. – Түркістан, 2014. – 148 б.
3. Жетпісбаева, С.О. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәні бойынша студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру [Мәтін] / С.О. Жетпісбаева. – Шымкент, 2012. – 72 б.
4. Исмаилова, Р.Б. Студенттермен жүргізілетін өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың ерекшеліктері [Мәтін] / Р.Б. Исмаилова // Бастауыш мектеп. – 2012. – №5,6. – Б.36-37.

Мақала редакцияға 08.12.21 түсті.

Ж.Н. Кумисбекова

Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

**ОСОБЕННОСТИ ЭФФЕКТИВНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ
САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ СТУДЕНТА**

Аннотация. В статье подробно рассмотрены особенности эффективной организации самостоятельной работы студента. Закрепить знания можно через самостоятельную работу студента. Если задачи для самостоятельной работы по какому-либо предмету составлены эффективно, путь выполнения задан рационально, поставлены конкретные цели, то это позволит повысить творческие способности учащихся, сформировать логическое, критическое мышление, совершенствовать волю, творчество. Кроме того, в статье представлены принципы организации самостоятельной работы студента, действия направляющих преподавателей, педагогические условия эффективной организации самостоятельной работы студента. Также подробно рассмотрен результат анкетирования студентов, то есть высказаны свои мнения, мысли, высказаны мысли о том, что правильно выстроенная задача ведет к творчеству, а знания увеличиваются, формируется уверенность.

Ключевые слова: самостоятельная работа, задание, критическое мышление, творчество, самостоятельность, индивидуальность.

Zh.N. Kumisbekova

M.Kh.DulatyTaraz State University, Taraz, Kazakhstan

EFFECTIVE INDEPENDENT WORK OF THE STUDENT FEATURES OF THE ORGANIZATION

Abstract. This article discusses in detail the features of effective organization of independent work of a student. It is possible to consolidate knowledge through independent work of the student. If tasks for independent work from any subject are effectively created, the path of execution is given rationally, and the tasks of a specific goal are given, it allows you to increase the creative abilities of students, form logical, critical thinking, improve their will, creativity. In addition, the article presents the positions of the student in the process of independent work, the actions of the guiding teachers, pedagogical conditions for the effective organization of independent work of the student. Also, the results of the survey for students are considered in more detail, that is, they say

that their own opinions, thoughts, and correctly formed tasks lead to creativity, and knowledge increases and confidence is formed.

Keywords: independent work, task, critical thinking, creativity, independence, personality.

References

1. Buzaubakova K.Zh., Shoshabaeva S.E. Organizaciya samostoyatel'noj raboty studentov. -Taraz, 2013. – 125 p.
2. Muratov A.S., Koshanova M.D., Erkisheva Zh.S. Metodicheskie ukazaniya po organizacii samostoyatel'noj raboty studenta. – Turkestan, 2014. – 148 p.
3. Zhetpisbaeva S.O. Organizaciya samostoyatel'noj raboty studentov po discipline» Teoriya i metodika vospitatel'noj raboty". – Shymkent, 2012. – 72 p .
4. Ismailova R.B. Osobennosti organizacii samostoyatel'noj raboty so studentami // Nachal'naya shkola. – 2012, No.5,6. P. 36-37.